

3. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. -Алматы: Ғылым,2001.-345 б.
4. Әдебиеттану.Терминдер сөздігі (Құрастырғандар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев). –Алматы: Ана тілі, 1998.-384 б.
5. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. – Қарағанды: Гласир, 2009. – 400 б.

Сағымбекова Д.Ж., академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, филология факультеті, журналистика мамандығы ҚЖ-32 тобы, студенті
(Ғылыми жетекшісі – журналистика кафедрасының оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі Сиязбаев Н.К.)

ӘМБЕБАП ӨНЕР ИЕСІ БОЙЫНДАҒЫ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕР

Мақсаты:Ел басымыздың халыққа жолдаған «Рухани жаңғыру» «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылғандай туған жеріміздегі ерекше дарын иелерінің өнері мен өмірін дәріптеу. Оның ішінде университетімізге есімі берілген әмбебап өнер иесі Евней Арыстанұлы Бөкетовтың ғылым мен әдебиеттегі салған ізін зерттей отыра ерекше тұлғалық қасиеттерін зерделеу. Нақты айтқанда қайталанбас тұлғаның сиқырлы әмбебаптығын дамытуда күш-жігер берген қасиеттерін зерттеу.

Ұяда алтау тумас па,
Ұяда алтау болғанмен

Оның ішінде біреуі-ақ алғыр болмас па (Бұқар жырау) дегендей, он төрт құрсақ көтеріп, соның бесеуі ғана қалғанына шүкіршілік еткен ананың Евнейдің тумасынан тұлпар екенін бағамдаған.

Евней Арыстанұлы Бөкетов ерекше қайталанбас тұлға. Әдеби шығармашылық пен ғылыми ізденістерді қатар алып жүруге ең алдымен адамгершілік, жан тазалығы керек. Осы қасиеттер тұлғаның бойынан табылғандықтан ол қай шынды болсын бағындырып, асуларын аса берді. Менің ойымша Евней атамыз өзінің артынан тек шығармашылық мұралар ғана емес, адамгершілік асыл қасиеттер мұрасын қалдып кетті. Екі саланы қатар алып жүрген жанның өмір жолы мен өскен ортасы жеке қасиеттері, қандай перзент, қандай әке, қандай ұстаз, қандай ғалым, қандай ақын-жазушы болғаны кімді болсын қызықтырмай қоймады. Осы жолда мен Евней Арыстанұлымен жақын араласқан, ғалымның көзін көрген жолдас-жораларының арнаған жылы лебіздері мен жазған естеліктеріне үніліп бір сәт Евней атамыздың өміріне сапар шектім.

Евней Арыстанұлының бауыры Қамза Букетов өз естелігін өздерінің кезінде руластарын жоңғарлар мен қалмақтарға қарсы соғыстарға сан бастаған білекті де білікті батыр Алыпқаш руынан тарайтындарын айтып бастайды. Демек тұлғаның бойындағы дарын мен асыл қасиеттер тектілігімен келген. «Әкеміздің аздаған арабша сауаты бар болатын, құран және басқа діни кітаптарды кібіртіктесе де соза тартып оқып отыратын. Бір таңғаларлығы – оның зердесі өте мықты еді. Оның өз замандастарынан иығы жоғары тұратын. Өнерге де икемді болатын – домбыраны шебер тартатын, өзі жасаған сыбызғымен сызылтып сан алуан әуезді әуендерді төгетін. Ол кісі жайдары да сабырлы, кең қолтық адам болатын, ағайын-туысқа әрдайым қол ұшын беруге оңтай тұратын, өзін таза әрі жинақы ұстайтын. Бізді де солай тәрбиеледі. Содан да болар, айналадағы ағайын, әр ұлтты көрші қоландар арасында аса беделді еді. Оған аяулы анамыз да сай еді.» Ең бірінші ғалымның інісінің естеліктерімен бастаған себебім Евней атамызбен сәбилік кезінен тай-құлындай тебісіп бірге өскен, тұлғаның қалыптасуы мен өмір жолының бар қадамына куә болғандықтан Қамза атамыздан артық ешкім білмес деп ойлады. Академиктің академик болуына ең алдымен туған топырағы өскен ортасы алған тәрбиесі себеп болды. Өзінің басқан ізін, қылған ісін үлгі ете білген Арыстан атамыз бар қазаққа Евней атамыздай ұлды сыйлады.

Ишанбай Қарақұлов «Екі иығына екі кісі мінгендей алып тұлғалы, жауырыны қақпақтай, нар тұлғалы жігіттің өзі еді Евней! Оның осындай қасиетіне жібектей мінезі, биязы сөзі, әдепті әзілі тым жарасымды көрінетін.»

«Евнейдің таланты өзіне қырсық болып жармасты. Қызғанышты жандар оны жазықсыз жазаға тартып, баспасөзде қорлатқан науқанды да көрдік. Жарыққа шыққалы қол қойылып келген кітабының архивке жіберілгенін де естідік. Ол жазған бір шығарма басқа автор атымен Москваның баспасынан барып шықты. Неге десеңіз, Евнейдің атымен шығып жатқан кітап болса, ол жақтан келген хабар «күдіретті мансапқордың» құлағына салынатын да кітап тағы да

архивке жіберілетін болды. » Мұнда ғалымның мансапқорлықтан бұрын кітаптың өмір сүруіне деген құрбандығын аңғардым. Тер төгіп жазған кітабының бар жақсы атын өзгенің мойнына тағып беруі мен қатар оған қарсылық танытпай сабыр ете алуы адамның бойындағы асқан парасаттылықтың белгісі. Сондада халық пен жақын жолдастары Евней атаның еңбегінің түбінде ақталарына, оның есімінің тарихта қаларына сенді. Сенімдері еш алдамады. оның ең үлкен жетістігі ғалымның есімі берілген Қарағанды Мемлекеттің Университетінің еліміздің ең мықты университеттерінің біріне айналуы. Университеттің ірге-тасының қалануына да үлкен еңбек сіңірген Евней Арыстанұлы Бөкетов. Тұлғаны зеттей отыра алдағы уақыттарда мен тек осы университетте оқып, білім алып жатқанымға қуанып қана қоймай, университетімізге бір бойына қаншама дарын сыйған, еңбегі ел кезіп, әлем мойындаған ірі ғалым сонымен қатар қарапайымдылық пен парасаттылықтың үлгісі болған асқақ жанның есімі берілгенін айтып мақтанатын болдым.

«Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қайтыс болғаннан кейін ғалымдар арасында әңгіме туды. Бұрын Қаныштың жан жақты білімдарлығына қарап, оны қазақтың Ломоносовы ғой деп, сырттай мақтан етуші едік. Оның орнын енді кім басар екен деген сұрақ туды. Сонда жұрттың ойланбастан атағаны Евней Арыстанұлы Букетов болатын. Бұл кейбір іші тар, мансабы жоғары адамдардың қызғанышын туғызған. Ақыры сол қызыл көз қызғаныш оның тағдыры мен талантына үлкен әсер етті ғой. Егер мансабы құдіретті біреулер кедергі келтірмегенде, сөз жоқ, республика академиктерінің басшысы болып, ғылымды өркендетуге Евней қолдан келгенше үлес қосқан да болар еді» Евней Арыстанұлының қаншама ғалым жазушылардың сенімдеріне ие болуында тәңірдің берге асқан жазушылығы мен ғылымды сүйген шақтарына деген адалдығы жатыр. [1, 8-15 б]

«Евнейдің ойы да, бойы да биік еді. Үлкен істі тындыруға жаралған адам болатын. Құлашын қиынға созатын. Қиядан жем ілетін қыран тектес жігіт еді. Өзі нардай адам, нардың жүгін көтеруге әзір тұратын». Біз Евней атаны көрмесек те осы қатарластарының жазып кеткенін оқып отырып ғалымның барлық жақсылығын сезінеміз. Өз басым өзі жақсы болған адам өзгелерге жақсылығын сездірте алады деп ойлаймын. Ал сол жақсы адамды көріп-білмеген біздер осы жылы лебіздер жазылған кітаптың арқасында Евней атаның бар асыл қасиеттерін, адамгершілігін, парасаттылығын, жылуын, жақсылығын сезіндік. Бар болғаны бір кітапқа сыйған сөздер жан дүниеміз бен санамыздан да өз орнын тауып алғандай.

Жайық Бектұров «Е.А. Бөкетов парасатты, байсалды ғалым, қабырғалы, қабілетті ұйымдастырушы. дарынды қайраткер, әрі кішіпейіл, жақсы жолдас еді. Оның химия, металлургия саласында ғылымға, өндіріске қосқан елеулі үлесі баршаға мәлім. Евнейдің жарқын бейнесі, қалтқысыз көңілді күлкісі, қарапайымдылығы, адамға жақын тұратын жылы шырайлы бала мінезі, қағілез қасиеті онымен істес, әріптес болғандардың көзінде, көңілінде сайрап тұр.»

«Көбіне ғалым жолы да, ақын жолы да тақтайдай тегіс бола бермейтіні белгілі. Тасы өрге домалап, атағы шығып, жұртшылық аузына қарап келе жатқан оқымысты, әдебиетші-сыншы, аудармашы, публицист Е.А. Бөкетовты көре алмай етекпен тартқан, аяқтан шалған қу-сұмдар да болмай қалған жоқ. Еңбегі жемісті, бойындағы мол қабілет күшін, қайрат-жігерін Отанымыздың мәдени өмірін мерейлендіре түсуге жұмсаған ақ көңіл, адал кісілікті Евней Арыстанұлына жала жапқан эззіл, өсекші бүркеншіктер Қарағандыдан да, пәлекор пасық пасквильшілер Алматыдан да табылды. Бірақ шындық, ақиқат жеңбей, көкті қалың бұлт торласа да, сол бұлт серпілмей күннің көзі жарқ етпей қоймайтынындай, өтірік-өсектің құйрығы бір тұтам дегендей, бұл күнде жалақор, пәлекор, эззіл арамзалардың беттер ашылып, қара жүзділердің еңсесі басылды.» Қаншалықты аспан бұлтты болса соншалықты ашық болады тек оның орын алар өз уақыты бар. Ғалымның ғұмырында да осы қағида орын алған. Жан-жақтан қысым көрсетулер мен жолын жапқысы келген көре алмастардың уақытша күні туып өз дегендерін жасап алулар үшін аз-маз уақыт берілгендей. Ал кейін бәрібір түбінде Евней Арыстанұлының төбесіндегі ашық аспанынан күн күлімдеп өзінің ниетіне сай мәңгілік гүл ғұмыры басталып кетті. Кәзір сол ғұмыр осы шығарманы жазуымызға себеп болуда. [1, 16-22 б]

«Евнейді мен Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы пленумында алғаш рет көрдім. Таныстым.

Сұңғақ бойлы, сұлу бітімді, аса ажарлы жігіт екен. Сыптығыр. Сабырлы. Ойлы көзі от шашып та лапылдап тұрған жоқ. Төңірегіне кексе байыппен көз салады. Қазақтың «Жігіт сұлтаны» лейтіні осындай-ақ болар, - дедім ішімнен»

«Букетов Евней билікке ұмтылса, Алматыдан қашықтап алыстағы Қарағандыға кетер ме еді? Қатардағы ғылыми институтты қанағат тұтуы – ғылымына да, әдеби талабына да уақыт табудың қамы емес пе?» Иә расымен ғалым билікті ысырып одан жан қалауының артық екенін жақсы білді. Өзі қалаған ғылыми жұмыстар мен әдебиет әлемінің оны осынша биікке шығарарын білмесе де бойындағы бар таланты мен қасиетін осы істерге жұмсады. Үміттер ақталды. Қазақ даласына Евней Арыстанұлы Бөкетов деген жаңа есім келді. Өзі өмірден өтсе де мұралары мен есімі мәңгілік ғұмыр кешуде. [1, 49-74 б]

«Евней Арыстанұлы – тоқырау кезеңінің құрбаны. Осынау уақыт қайталанбас үшін және халық оны мәңгі есіне сақтау үшін «Қарағандацемент» бірлестігінің жұмысшысы В.Беляевтің Қарағанды мемлекеттік университетіне Е.А. Бөкетовтың есімін беру туралы ұсынысын мен де қызу қолдаймын. Біздің қоғамымыздың игілік жолындағы аса зор жұмысы, өзінің принциптілігі, адалдығы мен мезгілсіз қазасы оны осындай мәртебеге әбден лайық тұлғаға айналдырып отыр.»

Көзін көрмесек те осынау жылы лебіздерді аранап жазған жандардың сезім түйсіктерінен орын алып өзін ортасына таныта білген жан өмірін үлгі етіп кетті. Өмірінді жұртқа үлгі ету дегеніміз өзгелерге жақсы өмір сыйлағандай болар. Егер мен ол кісінің замандасы болсам осы айтыған асыл сөздер мен жылы лебіздер де менің шын жүрегімнен шығар еді осындай тұлғаға қандай асыл сөз арнаса да артық болмайды,

Кімнің сөзін алып қарасам да ғалым құдды бір өз заманының сал серісі болғандай. Евней атамыз ешкімді де жәй қалдырмай өзін көрген жұртты тамсандырмай қоймапты. Қазақтың оның ішінде Сарыарқаның маңдайына біткен мың жылда бір туар жанның өмірі тек кітап болып жазылып, фильм болып түсіріліп қана қоймай жүрегіне адамгершілікті ту еткен әр қазақтың санасында жатталып қалуы керек деп ойлаймын.

Ғалым, жазушы, ақын сегіз қырлы бір сырлы табиғи дарын иесі дүниеден өтсе де Абай атамыз айтқандай «Өшпей тұғын артына із қалдырған» Ізін басып, көзін көргендер Евней атаның артынан бір емес бірнеше естелік кітаптар жазып жатты. Өзінің өмір жолын үлгі етіп өзгенің шабытына арқау болып қалам алып кітап жазуына себепкер бола алу да өз алдына бір биіктік, асқақтық. [1, 23-24 б]

«Табиғатта мынандай бір ғажайып заңдылық бар сияқты. Ол туасы даралыты, сыңарлықты әсте жаратпаса керек. Мәселен: алтын табылған жерден міндетті түрде күмістің де табылуы кәдік, ал осы металдар ылғи да сирек кездесетін металдармен көршілес жатады екен. Біз творчестволық өмір жолын әңгіме етіп отырған академик Евней Бөкетовтің де болмысында табиғатқа тән осындай жан-жақтылық бар, рухани байлықтың мол қайнар көзі іспетті. Бір ғажабы – бұл азаматтың бойында асыл қасиеттермен қоса сирек кездесетін сипаттар да баршылық. Өткен бір жылдары «Правда» газеті Евней Арыстанұлы жайында: « «Әрі химик, әрі ақын. Бұған тек кездейсоқ құбылыс деп қарамай, үлгі тұтарлық құбылыс деп білу керек», -деп жазған-ды. Иә, бұл – ақиқат сөз. СССР Жазушылар одағының мүшесі Е.Бөкетов әдебиеттің әр жанрында оқушы көкейәнен жол тапқан сындарлы туындылар беріп те үлгерді. Ол – аудармашы, публицист, ақые, сыншы.»

Букетовтың сыртқы бенесін, ішкі жан дүниесін, әдебиетін, өлеңін, ғылыми жаңалықарын суреттеп жазғандар ғалымнан қалған мұраны дәріптеп, ұрпаққа жеткізушілер болса, ол кісілердің мақсаттары орындалды. Осындай асқақ тұлғаны танып-біліп үлгі ету біздің маңдайымызға жазылған бір бақ дер едім.

Ұштасқанда арман, қиял от өлең
Ғалым болсам әдебиетке не дер ем?
Екі кеме ұстағандай болғанмен
Бір теңізде жүзе бермес ер екен
Сынбады да, құламады өр рухы
Таптатпады талабын ол текті ұлы
Жинаса да, жазса да, оқыса да

Ойға алғаны, айналғаны бір ұлтты. [1, 215-222 б]

Академик Е. Букетов қазақтың әйгілі ханы Абылай заманы мен тұлғасы туралы зерттеумен бірге, Шоқанның, Абайдың, Мұхтар Әуезовтың шығармашылығы жайлы жан-жақты тұжырымдарын айтты. Жазушылық өнермен бірге көркем аудармамен айналысты, Шекспирдің «Макбет» драмасын сәтті тәржімалауы өз алдына, қазақ көркем аудармасы оның келешегі туралы пайымдаулармен қазақ аударматануына өзіндік үлесін қосты. Оның көркем

аудармаға қатыс-ты пайымдаулары бүгінгі күні де өзекті де өткір. Көркем аударманы оқытуда аталған ой-пікірлері пайдаланылып келеді.

Евней Арыстанұлы ұзақ жылдар Орталық Қазақстандағы ірі білім және ғылым ордасы Қарағанды мемлекеттік университетін басқарды. Ғалымдық-педагогикалық қызметтегі көңілге түйген байламдары, әсіресе, жастар тәрбиесі туралы ой-толғамдары көрнекті ғалымның азаматтық, ағартушылық тұлғасын биіктете түседі. Бұлар арнайы талдап, бағалап, байыптауды қажет етеді.

Е. Букетов: «Ғылыми ізденіс дегеніміз шығармашылық процестің барып тұрған биігі, шыңы. Олай болса бұл жолда қызмет істеудің өзі де қызғылықты нәрсе, өйткені шын шығарма адамның ойына қанат бітіріп, бойына қызу беретін нәрсе. Демек, ғылыми ізденіс дегеніміздің өзі шын мәнісінде табиғаттың әлі ашылмай, тұңғығында жатқан ақиқатын, сырын іздеп табу болып табылды. Ал ақиқатты іздеп табу үшін, сол ақиқатты іздеуші, яки сол ғалым өзі мейлінше адал, ақиқатшыл болуға тиісті. Ондай адам ең алдымен өз қарабасының алдында адал болуы керек» – деп ғылыми ізденістің ерекшелігін көрсетеді, оның ең басты шарты адалдық деп біледі. Ғалым қашанда адалдықпен ғана өзінің жарқын жетістіктеріне жете алады. Ғылымға адалдық, ғалымның өз басының адалдығы қазіргі таңда да аса қажет құндылық. Ол ғылыми ақиқат үшін Джордано Бруно, Галилео Галилей мен Николай Коперниктің қандай азапты тағдыр кешкенін жас ғалымдар есіне салады. «Білім инемен құдық қазғандай» деген халық даналығының астарында ғылым жолының ауырлығын меңзеп отырғанын ұғыну қиын емес. Олай болса жас ғалым Абайша айтқанда «неге ғашық, неден қашық» болуы керек. Көкейкесті мәселе осыдан өрбиді. [2]

Евней-ағаның поэзия және драматургия салаларындағы аудармаларын қолға алып, бір ауыз сөз жазуға кіріскенім әдеби талдау не ғылыми зерттеу емес, тек қана сансыз қырлы, бір сырлы дарабоз дарынның бір қырын аша түсу ғана. Жалпы алғанда ақындық дерті Евнейге жастайынан жабысты. Ол анасынан ақын болып жаратылды, бірақ бодандық өміріміздің оны бала күнінен әр саққа салуы тағдырдың сан түрлі қиындықтарынан өткізді. 1932 -1933 жылдар әкелген аштықтың жеті жасында жабысқан тауқыметі көкірегінде өшпес із қалдырды. Ұлы Отан соғысының ауыртпалығы мектептегі оқушы, қыршын жас тағдырына өз белгісін салды. Көп бейнеттің де зейнеті сол шығар ол өмірдің қызу ортасында өсті, тайғақ кешу, тар кезеңдерді өз көзімен көрді. Демек, тағдыры қандай тәлкекке салса да, ол -өлең мен жазудан, орыс ақын-жазушыларын қазақшаға аударудан ешқашан қол үзбеді.

Е. Бөкетовтің аудармашылық өнерін сөз еткенде, Есениннен есіп өтіп, Шекспирге бірақ жетті десек асыра сілтегеніміз болар еді. Оларға жеткенше жас талант әу бастан халқымыздың әдеби бай мұрасынан шөлі қанғанша сусындады. Ауыз әдебиетін жіті білді. Евней Абайды жатқа білді десек еш жаңалық ашпаймыз, ондай ұлағатты мысалдар толып жатыр екен, ал оның Жамбыл атамызды, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиденді өте терең, мейлінше толық игергеніне таңдануым, қайран қалуым шексіз еді. Талай жылдар кездесіп жүргендегі мен байқағам шоқтығы биік бір байлығы - Жамбылдың бар болмысын мұқият меңгергендігі болатын. Жәкеңнің үздік «Манасшыл» ақын екенін де Евекеңнен естідім. Тоғызыншы сыныпты үздік бітірген Евнейді соғыс жылдары мұғалімге тапшылықтан Марьевкедегі аудан басшылары қазақ, орыс ауылдарындағы мектептерге сабаққа жекті. Бұл күндердің өз бергені сол, әсіресе жатқа айтуға, оқуға, көркем сөздің ауызекі шеберлігіне ынтыққан шағының, бүршік жарған кезі еді. Ол сол кездердің өзінде орыс тілінде өлең жаза бастады, орыс тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен орыс тіліне аударуға жаттығуға кірісті.

Міне, осының барлығы оның үстіне күнделікті ізденімпаздығы мен орасан еңбекқорлығы Алматыда оқып жүрген студент, аспирант кезінде әдеби қауымға таныс етті. Орысшадан қазақ тіліне аударылған бірсыпыра еңбектермен танысып, газет, журнал беттерінде оларға өзінше адал баға беруге кірісті. Аударманың сыншысы бірде: «мука» мен «му'каны» айыра алмаған ақын Маяковскийді аударуға қалай барады» - деп үлкендерге де ауыз сала бастады. Кейін өз аудармаларын жариялауға еркін кірісті. [3]

Евней Арыстанұлының ғылым әлеміндегі ғаламат жолы бүгінгі ұрпақ үшін-асыл мұра, баға жетпес қазына. Қазынаны көздің қарашығындай қорғау керек. Ол басты-міндет. Бүгінгі оқырман назарына, баспасөз беттеріне, зерттеу еңбектеріне Бөкетовтің ғылымда ашқан жаңалықтары мен әдебиет, өркениет ісінде қосқан орасан зор үлесі мен өлшеусіз еңбегі жиі жарияланып тұруы заңды құбылыс болмақ. Демек, ғалымның ізбасарлары, бүгінгі ғылым саласында жүрген публицист мамандар Евней Арыстанұлы салған сара жолдың соқпағынан жаңылмай, тұлпар таңбалы ізін жалғастыруда көп жұмыстар атқаруы тиіс.

Ұлы тұлға, халқының сүйікті ұлы, бірегей білім иесі, ұстанымы берік, ұлағаты мол ұстаз!
Көрнекті қайраткер, қарымды қаламгер, талғамды аудармашы, заңғар ойлы кеменгер ғалым. Бұл теңеулердің қайсы болса да, Евней Арыстанұлының тұла бойына біткен қасиеттері мен шыққан биігінің көрінісі. Бәрі да Евекеңе сай келеді. Оған ешкімнің де күмәні болмайды. Себебі, заңғар тұлға қашан да өз биігінде шыққан күндей жарқырап тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкетов Қ.А., Хасен М. «Біртуар» Академик Евней Бөкетов туралы естеліктер. Білім баспасы, Алматы 2012
2. Тарақов Ә., «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журнал, 08.02.2012 ж.
3. К. Салықов., Евней Бөкетов - дарынды аудармашы., Орталық Қазақстан.- 2005.- 19 наурыз.

Сағындықова А.М., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, филологический факультет, гр. КИ-11, студент
(*Научный руководитель – к.ф.н. доцент Аязбаева Б.К.*)

ОРФОГРАФИЧЕСКИЕ СОСЕДИ

Психолингвистика, хотя и пересекается с лингвистикой и психологией, не есть «отчасти лингвистика» и «отчасти психология». Ее можно считать дисциплиной лингвистической, поскольку она изучает язык, и дисциплиной психологической, поскольку психолингвистика изучает язык как феномен психики.

Человеческое общение предъявляет звучащей речи определенные требования: быть максимально ёмкой в смысловом и эмоциональном плане, сохраняя при этом предельную сжатость и лаконичность формы. Эти требования подчинены двум основным целям общения: обмену информацией и воздействию человека на другого в совместной деятельности. Известно, что для достижения этих целей в звучащей речи используются элементы различных знаковых систем: языковой, паралингвистической, кинетической нормы общения. Язык слов, «язык» жестов, интонационных средств представляют различные уровни отражения, уровень сознания и подсознания, разума и эмоции, уровень второй и первой сигнальных систем, а вместе – единый механизм восприятия подсознания окружающего мира. Леонтьев А.А. в своей работе приводит следующие слова, которые подтверждают данную мысль: «Информация поступает в мозг человека, проходя через сферу сознания. А это означает, что возможность ее получения в последнем лишь через сферу бессознательной психики [1, с. 24].

Интерес к психолингвистике привел нас к вопросу о влиянии на восприятие слов близких по написанию слов, так называемых орфографических соседей. Орфографические соседи – это соседи с заменой одной буквы с перестановкой буквы. Считаем данный вопрос актуальным и необходимым в условиях полиязычного образования, изучения неродного языка, электронной лексикографии, машинного перевода и в целом стремительного развития технологий в XXI веке. Состояние изученности вопроса в том или ином языке является неодинаковым. Скорее, возможно, из-за отсутствия определенного автоматизированного ресурса для подбора слов по сбалансированным параметрам.

Безусловно, главная задача в процессе чтения – распознавание слов или лексический доступ. Ключевым элементом этого процесса является анализ буквенного состава слова. Если уровень навыка чтения у человека очень высокий, он не читает слова буква за буквой. На интуитивном уровне это свидетельствует о том, что люди часто путают похожие по написанию слова и часто допускают мелкие опечатки.

Обзор научной литературы по теме показывает, что ученые опираются на термин так называемого орфографического соседства. Установлено, что большинство допускает ошибки в словах, у которых много слов-кандидатов с близким написанием. Автоматизированные системы проверки орфографии в качестве вариантов замены в первую очередь предлагают реальные слова, которые являются соседями несуществующего слова. Поэтому изучение орфографических соседей на данный момент имеет большое значение. Очевидно, что трудно использовать обычные словари, чтобы найти слова, у которых есть орфографические соседи. Поэтому для языков создаются лексические базы данных, в которых эти параметры учитываются наравне с другими психолингвистическими характеристиками [2].